

**«Алпамыс» бөбекжайы КМҚК**

**(Балабақша педагогтеріне арналған шебер-сынып)**

**«Kids lab» зертханасы»**

**Тәрбиеші: Алимханова Ж.С.**

Баршаңызға сәлем! «Kids lab» зертханасына қош келдіңіздер! Менің атым менің атым «Жұлдыз»!

Біз қазір сіздермен шынайы зерттеулер жүргіземіз. Дайынсыздар ма? Кеттік, ендеше!

### **1-ші эксперимент. «Қар»**

Бізге арнайы жасанды қар ұнтағы керек. Стақанға бес қасық жасанды ұнтақты саламыз. Ал, енді, бір стақан суды осыған құямыз. Мұқият қараңыз, 1-2-3, ого аппақ қар ғой мынау! Көөөп қар! Қолдарыңызбен ұстап көріңіздерші!

### **2-ші эксперимент. Біз қазір жануарлармен зерттеу жасаймыз.**

-Жануарлармен зерттеу жұмысын жасауға болмайды!

-Жоқ, жоқ, біз арнайы шариктан үрілген жануарлармен жасаймыз.

-О, үрілген болса, жасайық. Нестіміз?

-Біз бұл жануарларды кішірейтіп, мына стақанға сыйғызамыз.

-Қалай? Сыйғызып көрейік, Кім сыйғыза алады? (қонақтардан көмек сұрайды)

-Жоқ, бізге бірдеңе жетіспей тұрған сияқты.

-Әрине, біз сұйық азотты қолданамыз.

-Стақанға сұйық азотты құямыз, ал енді сыйғызып көрейік.

-Мәссаған, міне керемет, тағы да бір жануар сыйады ма екен, көрейік. (қонақтардан көмек сұрайды)

-Тағы да салсақ қайтеді? О, мынау деген жаңалық қой.

-Қызық екен, бұл жануарлар шынымен кішкентай болып қалды ма?

-Ия, сұйық азоттың көмегімен шарлар кішкентай болып кетті, енді алып шығайық, көрдің бе, жануарларға қайтадан ауа толып, өз қалпына келді.

-Тамаша, бұл эксперимент сәтті жасалды деп ойлаймын!

**3-ші эксперимент. «Көпіршік жылан»** Бұл экспериментті жасау үшін бізге сабынсу қосылған су, түбі кесілген пластмас бөтелке, резеңке және беторамал. Алдымен беторамалмен бөтелкенің түбін жауып, резеңкемен бекітеміз. Бөтелкенің орамал жапқан бетін ыдыстағы су сабын қосылған суға матырамыз. Енді оны алып шығып, бөтелкенің су ішетін жағынан сыртқа үреміз. Міне, өздеріңіз көргендей, көпіршік жыланша пайда болды. Енді үйде нағыз көпіршікті шоу жасай аласыздар! Қызық па? Ендеше, әрі қарай кеттік!

**4-ші эксперимент.** «Мұз». Келесі тәжірибе үшін бізге 300 гр. цитат натрий ұнтағы және 100 мл. су қажет. Алдымен, темір ыдысқа ұнтақты салып, үстіне су құямыз да қайнатамыз. Қайнаған соң, салқындатып қоямыз. Енді қолыңызға темір таяқшаны алыңыз да салқындаған су қоспасына салыңыз. Не байқадыңыз? Міне, керемет! Біздің қоспамыз мұзға айналды!

**5-ші эксперимент.** «Сабынды жанартау»

Қазір қарапайым сабынмен жанартау жасаймыз. Ол үшін біз алдын-ала түрлі-түсті бояумен боялған суға кішкене ыдыс жуатын сусабынды құямыз. Оның үстіне ептеп уксус (үлкеннің көмегімен), және ас содасын қосамыз.

**6-ші эксперимент.** «Су ішетін бөтелке»

Стақанға орталап су құйып аламыз. Бояғышты құйып, түсін өзгертеміз. Енді Осы суды тәрелкеге құйыңыз. Бос бөтелкені алыңыз да, су құйылған тәрелкеге төңкеріп қойыңыз.

-Ешқандай өзгеріс көріп тұрғаным жоқ!

-Қызық әлі алда, төңкерілген бөтелкенің үстіне мұз қою керек. Ал, енді жақсылап қара, не болар екен!

-Мәссаған! Мына бөтелке шынымен суды ішіп жатыр ғой! Міне, керемет!

**«Сынған доп»**

-Айтшы, сен балғаның көмегімен резеңке допты сындыра аласың ба?

-Қызық екен, зерттеу жасап көреміз бе?

-Көрейік, ол үшін бізге сұйық азот қажет. Алдымен, допты ыдысқа салып алайық, сіздер бізге көмектесіңіздер! (Қолымызға арнайы қолғапты киіп алайық.) Сосын сұйық азотты доптың үстінен құямыз.

-Допты қайнатып жатқандай елестетеміз. Ал, енді балғамен ұрып көрейік, қане сіз көріңіз! Мәссаған, добымыз шыны тәрізді сынып қалды. Міне, керемет!

-Енді біздің доптың жұмсақ күйге ауысқанын байқадың ба, не себеп екен? Өйткені сұйық азот ауаға ұшып кетті.

**«Сүттегі өрнек»**

Бұл сурет салу техникасы сізді қызықтырады, тіптен баурап алады және көптеген жағымды эмоциялар береді. Нәтиже өте әсерлі болмақ!

Бізге қажет:

Сүт (майлы емес), бояғыштар, ыдыс жууға арналған сұйықтық, құлақ таяқшалары, үлкен табақ.

Тәжірибе:

1. Бөлме температурасындағы сүтті табаққа құямыз.
2. Табақтың ортасына түрлі түсті бояғыштарды қосамыз.
3. Құлақ таяқшаларын ыдыс жууға арналған сұйықтыққа батырып аламыз.
4. Және оны араластырмай сүттің бетіне тигіземіз.
5. Бояудан түрлі өрнек шыққанша таяқшаны ұстаңыз.
6. Түстерді араластырып көріңіз, ол да керемет әдемі болып шығады.

### **«Күзгі бақ»**

Бізге қажет:

Бөтелке қақпақтары, қағаз майлықтар, бояу, су.

Кішкентай түрлі-түсті бөтелкенің қақпақтарына су құйыңыз, сосын оны түрлі-түсті бояумен араластырыңыз. Алдын-ала дайындап алынған қағаздан қиылған ағаштарды ақ майлыққа жапсырып, оның түптерін бояу құйылған қақпақтарға матырамыз. Міне, әдемі күзгі бақ пайда болды! Керемет емес па?

### **«Тұзбен сурет салу»**

Бұл нағыз арт-терапия, өйткені, жас суретші өз суретін жасау үшін тұзды шашыратып, қанша қуанышты сәттерді бастан кешіре алады. Содан кейін ол сурет салғанға дейін бояғышпен ғана жанасады, өйткені ол бірден боялады.

Бізге қажет: Тұз, қағаз, PVA желімі, бояулар, қағаз парағы

Тәжірибе:

1. PVA желімімен сызбаның контурын сызыңыз.
2. Үстінен тұзды молынан себіңіз.
3. 3 минуттан кейін жабыспаған қалдықтарды төгеміз.

4. Сумен сұйылтылған акварельді бояғышпен малып алыңыз.
5. Үлгіні аздап түртіңіз.
6. Тұзды желім бояуды тез сіңіреді.
7. Көлемді, әдемі суреттер шығады.